

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қаржы-экономикалық сауықтыру және машина жасау кешенінің басқа кәсіпорындарымен кооперациялау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 қарашадағы N 1414 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

"Павлодартрактор" акционерлік қоғамында қаржы-экономикалық сауықтыру процедурасы жүргізілгеннен бері 2865 трактор мен булдозер шығарылды, кредиторлық берешектің, еңбекақы жөніндегі берешектің бір бөлігі өтеледі, ағымдағы төлемдер жүзеге асырылуда.

Республиканың агроөнеркәсіп кешенін ауыл шаруашылық техникалар мен одан әрі қамтамасыз ету және "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының өндірісін тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Республикада ДТ-75 тракторын шығарудың негізінде және негізгі торабы мен жиынтық бұйымдарын дайындай отырып Т-95 тракторын шығаруға көшуді аралас кәсіпорындармен ұйымдастырудың "Ауылшармаш" акционерлік компаниясы мен "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының ұсынған " Павлодартрактор" акционерлік қоғамын кооперациялаудың тұжырымдамалық с х е м а с ы н а к е л і с і м б е р і л с і н .

2. "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының жылына 4000 данадан кем емес трактор шығару үшін шарттармен қамтамасыз етілуі ескерілсін.

Тракторлар шығарудың 25 процентіне дейін "Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін машина жасау өнімімен қамтамасыз ету жөнінде лизинг қорын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 117 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж, N 6, 34-бап) сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан құрылған лизинг қоры есебінен Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдаудың мемлекеттік қоры және лизинг шарттарына сәйкес ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді техникамен қамтамасыз ету үшін с а т ы п а л ы н а д ы д е п б е л г і л е н с і н .

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкісін "Ауылшармаш " акционерлік компаниясымен бірлесе отырып 1996-1997 жылдары "

Павлодартрактор" акционерлік қоғамының бағдарламасына:

"Петропавл ауыр машина жасау заводы", "Семей машина жасау заводы" және "Қостанай дизель заводы" акционерлік қоғамдарын тарта отырып "Алматы станок жасау заводы" акционерлік қоғамының негізінде "Павлодар трактор" акционерлік қоғамының трансмиссиялар шығаруын ұйымдастырсын;

"Поршень" және "Литмаш" акционерлік қоғамдарын тарта отырып "Қостанай дизель заводы" акционерлік қоғамында КДЗ-642 двигательдерін шығаруды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі өндірісті ұйымдастыруға байланысты күрделі шығындарды қосымшаға сәйкес мөлшерде қайтарымды негізде қаржыландыру мүмкіндігін қарастырсын.

5. Кооперацияның қабылданған тұжырымдамалық схемасына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің Кеңесі "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне қызмет көрсетуге берілген аралас кәсіпорындарының қайта құру процедурасын жүргізу жоспарын бекітсін, сондай-ақ вексельдік кредиттеу мүмкіндігін қарастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, мемлекеттік Медетші банкі "Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қаржы-экономикалық сауықтыруға Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің Кеңесінде санация жоспарын бекіткен соң 415 миллион (төрт жүз он бес) теңге сомада кредит ресурсын бөлсін.

7. Санация жоспарына сәйкес "Павлодартрактор" акционерлік қоғамына берілген кредит ресурстарын 1997-1998 жылдары қайтару жөніндегі Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі ұсынған схемаға келісім б е р і л с і н .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі кредит ресурстарын қайтаруға қатаң бақылау орнатсын.

8. "Ауылшармаш" акционерлік компаниясы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесе отырып 1997 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде сатуға жататын "Павлодартрактор" акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыруды жүргізіп, "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының мүлік тізбесін анықтап және оны заңда белгіленген тәртіппен сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік к о м и т е т і н е б е р с і н .

9. "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының мүлкін сатудан түскен қаржы санация жоспарына сәйкес "Павлодартрактор" акционерлік қоғамына берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік Медетші банкінің кредиттерін өтеуге

ж і б е р і л с і н .

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі директивті және басқа орталықтандырылған кредиттері жөніндегі "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының берешегін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне белгіленген тәртіппен қайта хаттасын.

11. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, заңда белгіленген тәртіппен екі апта мерзімде Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бекіткен "Ауылшармаш" акционерлік компаниясының ұсынысы бойынша машина жасау кәсіпорындарының станок паркі мен технологиялық жабдықтарды көшіру мәселесін шешетін болсын.

12. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы министрлігі техника-экономикалық көрсеткіштері мен мемлекеттік бағасын белгілей отырып "Павлодартрактор" акционерлік қоғамының игерілген және шығаруға әзірленген Қазақтың Бас машина сынау станциясында мемлекеттік сынақ жүргізуді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 20 қарашадағы
N 1414 қаулысына

қосымша

**ДТ-75 және Т-95 тракторларына арналған трансмиссиялар
және двигателді жасауға байланысты қаржы шығынының
КӨЛЕМДЕРІ**

(м ы ң т е ң г е)

С о м а с ы

Трансмиссия өндірісіне арналған	
"Павлодартрактор" акционерлік қоғамы	45000
"Станок жасау зауыты" акционерлік қоғамы	36000
"Семей машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы	6909
"Қостанай дизель зауыты" акционерлік қоғамы	5657
"Петропавл ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы	9702
Барлығы	103268

Двигатель өндірісіне арналған
"Қостанай дизель зауыты" акционерлік қоғамы 31775
Жиыны 135043

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК